



Мектепалды даярлық бойынша оқу жоспары

2022/2023 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық топтарының оқу жоспары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығынаның 3-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығын басшылыққа ала отырып жасалды.

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

	Мектепалды даярлық топтары	0-А	0-Б	0-В	Барлығы
Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі / Аптадағы нормативтік жүктеме			
1	Дене шынықтыру	3	3	3	9
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту	2	2	2	6
	Көркем әдебиет	2	2	2	6
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
	Қазақ тілі	2	2	2	6
	Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері	3	3	3	9
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
4	Математика негіздері	3	3	3	9
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	2	2	2	6
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
6	Сурет салу	1	1	1	3
	Мүсіндеу				
	Жапсыру				
	Құрастыру				
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
	Музыка	2	2	2	6
	Музыка****	күн сайын	күн сайын	күн сайын	
8	Барлығы	20	20	20	60

Директордың бастауыш сыныптардағы оқу ісі жөніндегі орынбасары:

А.С.

Көпбай Қ.